

## Жамбыл аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихаттың 2004 жылғы 05 мамырдағы N 12-43 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2004 жылы 14 маусымда N 1664 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 24 желтоқсандағы N 6-31 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихаттың 2007.12.24 N 6-31 Шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 9 бабына сәйкес Жамбыл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ** **ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жамбыл аудандық мәслихатының регламенті қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. Жамбыл аудандық мәслихатының 2000 жылғы 16 маусымдағы "Жамбыл аудандық мәслихатының регламенті туралы" N 6-28 шешімінің күші жойылды деп есептелсін.

*Сессия төрағасы*

*Б. Әлиев*

*Мәслихат хатшысы*

*Д.Нүкетаева*

А у д а н д ы қ

м ә с л и х а т т ы ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

0 5

м а м ы р д а ғ ы

N

1 2 - 4 3

ш е ш і м і н е

қосымша

## **Жамбыл аудандық мәслихатының РЕГЛАМЕНТІ**

### **1 бөлім. Жалпы ережелер**

1. Жамбыл аудандық мәслихаты Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес жалпы мемлекеттік мүдделерді ескере отырып, аудан аумағындағы халықтық еркін білдіріп, жүзеге асырады.

Жамбыл аудандық мәслихатының және оның органдары қызметінің реті "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" және

басқа да Қазақстан Республикасының заңды актілерімен, сол сияқты осы  
Р е г л а м е н т п е н а й қ ы н д а л а д ы .

2. Аудандық мәслихаттың қызметі аудан халқының еркін білдіру, мәселелерді еркін, жалпы халықпен талқылап шешу, қоғамдық пікірдің жариялылығы мен есепке алынуы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңы мен басқа да заңдылықтарда бекітілген мәселелер бойынша жергілікті биліктің мәслихатқа бағыныстылығы, аудандағы қоғамдық және мемлекеттік мәселелерді шешуге азаматтарды кеңінен қатыстыруы, мәслихаттың өз құзыреті шегінде дербестігі мен тәуелсіздігі, аудан, облыс және Республика мүдделерінің сәйкестігі негізінде құрылады.

3. Аудандық мәслихат қызметінде аудандық мәслихат депутатына Қазақстан Республикасының Конституциясы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңын басқа да заңдарын және осы Регламент белгіленген құқықтары мен міндеттерін тиімді және кедергісіз атқаруы үшін мүмкіншіліктер жасалады.

Жамбыл аудандық мәслихатының депутаты өз өкілеттілігін өндірістен немесе қызметінен қол үзбей жүзеге асырады.

## **2 бөлім. Жамбыл аудандық мәслихатының жұмысын ұйымдастыру және жүргізу реті**

### **1 тарау. Аудандық мәслихаттың сессиялары**

4. Мәслихат сессиясын шақыру, оны өткізу уақыты мен орны туралы мәслихат сессиясы төрағасының шешімі бір ай бұрын қабылданып, аудандық газетте жарияланады. Сессия қарауына енгізілген мәселелер бойынша материалдар (анықтамалар, шешім жобалары, т.б.) тиісті тұрақты комиссиялар, аудан әкімшілігі тарапынан дайындалады. Бұл материалдар сессияға дейін 15 күн бұрын аудандық мәслихат аппаратына тапсырылуы қажет.

Мәслихат хатшысы сессияға дейін 10 күннен кешіктірмей материалдарды депутаттарға және аудан әкіміне табыс етеді.

Аудандық мәслихат сессиясының қарауына енгізілген материалдар алдын ала тұрақты комиссиялар отырысында талқыланады.

Осы талаптар орындалмаған жағдайда, сессия мәселені қарамау туралы шешім қабылдауы, ал тәртіпті бұзушыларды жауапқа тарту туралы мәселе қ а р а у ы м ү м к і н .

5. Аудандық мәслихаттың сессиясы пленарлық мәжілістер ретінде өткізіледі. Сессияның ұзақтығы күн тәртібіне енгізілген мәселелердің санына және оларды қарастыруға қажетті уақытқа байланысты.

Сессия аудандық мәслихаттың мәжілістерінде ашылады және жабылады.

6. Аудандық мәслихаттың мәжілістері оған осы мәслихатқа сайланған депутаттардың кемінде үштен екі бөлігі қатысқан жағдайда өткізіледі.

Әрбір мәжілістің алдында оған қатысушы депутаттарды тіркеу жүргізіледі.

Аудандық мәслихат мәжілісіне келе алмаған жағдайда депутат сессия төрағасына немесе мәслихат хатшысына алдын ала хабарлайды.

7. Аудандық мәслихат сессиясының күн тәртібі мен жүргізу реті оның бірінші пленарлық мәжілісінде талқыланып, аудандық мәслихат депутаттарының көпшілік дауысымен бекітіледі.

Егер депутаттарға алдын ала жіберілген күн тәртібіндегі мәселелерге аудандық мәслихат сессиясының төрағасы өзгертулер мен толықтырулар енгізсе, ол жөнінде сессияда төрағалық етуші пленарлық мәжілісте хабарлайды.

Аудандық мәслихат депутаты сессияның күн тәртібі мен жүргізу ретін талқылауда ауызша не жазбаша түрде ұсыныстар енгізуге құқылы. Ауызша ұсыныстарды депутаттар өз сөздерінде айтады, ал жазбаша ұсыныстар мәжіліс төрағасына жіберіліп, оның түсу реті бойынша хабарланады.

8. Егер сессияның күн тәртібіне мәселе енгізуге депутаттардың кемінде үштен бірі қолдау көрсетсе, онда сессияның күн тәртібіне енгізілетін мәселелер әрбір ұсыныс бойынша сессияға қатысушы депутаттардың көпшілік даусымен шешіледі.

9. Сессия мен тұрақты комиссиялардың мәжілістеріне сессия төрағасы мен аудандық мәслихат хатшысының келісуімен мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар, ұжымдар, ғылыми мекемелер, баспасөз өкілдері шақырылады.

Жамбыл ауданынан сайланған облыстық мәслихаттың депутаттары аудандық мәслихат сессиясының жұмысына кеңесші дауыс құқымен қатысады.

Мәжіліске төрағалық етуші мәслихат мәжілісіне шақырылғандардың құрамы мен саны жөнінде депутаттарға хабарлайды.

Шақырылғандар мәслихат жұмысына араласпайды, олар тәртіп сақтап, төрағалық етушінің әкімдеріне бағынуға міндетті. Олар талқыланып отырған мәселелер бойынша белгіленген кезекпен сөз алады.

Аудандық мәслихаттың сессиялары туралы ақпарат, оның мәжілістері туралы есеп, мәслихаттың маңызды шешімдері жеті күннен кешіктірілмей аудандық газетте жарияланады.

10. Аудандық мәслихат жұмысы қазақ тілінде жүргізіледі.

11. Жамбыл аудандық мәслихаты басқа шешім қабылдамаса, бір күн ішінде екі мәжіліс өткізеді: ертеңгі сағат 10-нан 14-ке дейін, кешкі сағат 15-тен 19-ға дейін, 20 минуттық үзілістермен.

Сессиядағы баяндама үшін уақыт бір сағатқа дейінгі көлемде беріледі, қосымша баяндамаға - 20 минут. Жарыссөзде сөйлеушілерге 7 минутке дейін, ал,

кайта сөйлеуге және шешім жобасының кейбір тармақтары бойынша 3 минутке дейін уақыт беріледі.

Кандидатуралар, Мәжіліс реті, дауыс беру реті, өтініш білдіруге, сауал беруге, ұсыныстар мен анықтамалар бойынша 3 минутке дейін уақыт беріледі. Депутаттардың көпшілік дауысымен төрағалық етуші сөйлеушілердің уақытын созуы немесе қысқартуы мүмкін.

Сөйлеушілер арнайы мінбеден немесе залда орнатылған микрофондарға келіп сөйлейді.

Аудандық мәслихат сессиясының күн тәртібін анықтағанда, сессия кезінде депутаттық сауал, т.б. сұрақтар мен өтініш білдіруге арнайы уақыт бөлу ескеріледі. Осы мақсатта сауал өндіруге, сұрақтар қоюға арналған Мәжілістер жоспарланады немесе Мәжіліс соңында уақыт бөлінеді.

12. Жарыссөзге қатысу үшін өтініш аудандық мәслихат сессиясының төрағасына немесе мәслихат хатшысына сессия шақыру туралы шешім жарияланғаннан кейін, немесе Мәжіліс үстінде төрағалық етушіге жіберіледі.

Сессияның жүргізу реті, анықтамалар, сұрақтарға жауап, түсініктемелер беру үшін төрағалық етуші кезектен тыс сөз беруі мүмкін.

Баяндамашыларға сұрақтар жазбаша немесе залдағы микрофон арқылы ауызша беріледі, сұрақ қойған адам өзін таныстырады.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы, аудандық мәслихат хатшысы, аудан әкімі, сол сияқты тұрақты комиссиялардың төрағалары кез келген уақытта сөз алуға құқылы.

13. Аудандық мәслихаттың депутаты бір мәселе бойынша екі реттен артық сөз алмайды.

Аудандық мәслихат Мәжілісінде сөз алушы өз сөзінде тұрпайы сөз айтуға тиіс емес, заңсыз, тәртіп бұзушылық қимылдар жасауға шақыра алмайды. Сөз алушы мемлекетке қарсы ауданда, аудан халқы мен депутаттар арасында жаугершілік, ұлтшылдық, нәсілдік кереғарлықтар туындату негізінде сөйлесе, төрағалық етуші тарапынан ескерту жасалады.

Екі рет ескерту жасалған соң, ол сөз сөйлеу хұқынан айырылады.

Егер сөз алушы талқыланып отырған мәселеден ауытқитын болса, оған төрағалық етуші ескерту жасайды.

14. Жарыссөз кезінде төрағалық етуші талқыланған мәселе бойынша түрлі пікірлердің қалыптасуына жағдай жасайды.

Жарыссөз сессияға қатысушы депутаттардың көпшілік дауысымен қабылданған аудандық мәслихаттың шешімімен тоқтатылады. Жарыссөзді тоқтату мәселесін көтерген кезде төрағалық етуші аудандық мәслихат депутаттарының жарыссөзге жазылғандары мен олардың сөйлегендерінің саны туралы хабарлайды.

Жарыссөз тоқтатылуына байланысты сөйлемеген депутаттардың сөздерінің мәтіндері өз қалаулары бойынша Мәжіліс хаттамасына енгізілді.

15. Аудандық мәслихаттың сессиясында қаралған мәселелер бойынша шешімдер ашық көпшілік дауыспен қабылданады. Қазақстан Республикасы Конституциясында, осы Регламентте, Қазақстан Республикасының Заңдарында қарастырылған тәртіп бойынша немесе аудандық мәслихат депутаттарының сессияға қатысушыларының үштен бірінің талап етуі бойынша жасырын дауыс беру арқылы жүргізіледі.

16. Ашық дауыс беру алдында төрағалық етуші дауысқа салынатын ұсыныстар санын көрсетеді, олардың мәтінін нақтылайды, қаншалықты көпшілік дауыспен шешім қабылданатындығын айтады.

Бір мәселе бойынша дауыс берілгенде әрбір депутат бір ғана дауыс алады, және сол мәселені жақтап, немесе қарсы дауыс береді. Я болмаса, дауыс беру кезінде қалыс қалады.

Дауыс беру аяқталған соң төрағалық етуші ұсыныстың қабылданғаны, не қабылданбағаны жөнінде хабарлайды.

17. Жасырын түрде дауыс беруді өткізу және оның қорытындыларын анықтау үшін аудандық мәслихат депутаттар арасынан ашық дауыс беру арқылы санақ комиссиясын сайлайды. Оның құрамына кандидатурасы сайлаушы органдардың немесе лауазымды тұлғалар орнына кірмеген депутаттар кіре алады.

Санақ комиссиясы өз құрамынан комиссия төрағасы мен хатшысын сайлайды.

Комиссияның шешімі оның мүшелерінің көпшілік дауысымен қабылданады. Бюллетеньдер санақ комиссиясының бақылауымен өзі белгіленген үлгіде, белгілі бір санымен дайындалады. Жасырын дауыс беру үшін әзірленген бюллетеньдерде дауыс беру үшін қажетті мәліметтер болады.

Дауыс беру уақыты мен орны, оны өткізу реті осы Регламент негізінде белгіленіп, оны санақ комиссиясының төрағасы хабарлайды.

18. Сайланбалы орган немесе лауазымды адамды сайлау, мәслихат қарастырған шешімді қабылдау бойынша әрбір депутатқа бір бюллетень беріледі.

Бюллетень депутаттарға санақ комиссиясының мүшелерінің қолымен, депутаттар тізіміне сәйкес аудандық мәслихат депутатының куәлігін ұсыну арқылы беріледі.

Бюллетеньдер үміткердің аты-жөні немесе шешім жобасы тұсына белгі соғу арқылы толтырылады.

Егер бюллетень үлгісі дұрыс болмаса, ал лауазым иелеріне дауыс бергенде екі немесе одан көп үміткер қалдырылса, бюллетень жарамсыз деп танылады. Бюллетеньге қосымша жазылған үміткерлердің аты-жөні санақ кезінде есепке алынбайды.

19. Жасырын дауыс беру қорытындысы туралы хаттама жазылып, санақ комиссиясының барлық мүшелері қол қояды. Комиссияның баяндамасы бойынша аудандық мәслихат сессиясы жасырын дауыс беру қорытындысын бекіту жөнінде ашық дауыспен шешім қабылдайды.

20. Дауыс беру құқын аудандық мәслихат депутаты жеке өзі пайдаланады. Өз құқын басқаға беруге болмайды.

Дауыс беру кезінде болмаған депутат өз дауысын кейін беруіне болмайды.

21. Өткізілген дауыс беру кезінде қателіктер жіберілсе, аудандық мәслихат сессиясының шешімімен қайта дауыс беру жүргізіледі.

## **2 тарау. Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиялары**

22. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мәслихат өзінің бірінші сессиясында өз өкілеттілігі мерзіміне мәслихаттың қарауына жататын мәселелерді алдын ала қарап әзірлеу, оның шешімдерін жүзеге асыру үшін тұрақты комиссиялар құрады.

Тұрақты комиссиялар тізбесі аудандық мәслихат сессиясының шешімімен бекітіледі, қажет жағдайларда жаңа тұрақты комиссиялар құрылып, бұрынғы комиссиялар жойылуы және қайта құрылуы мүмкін.

23. Аудандық мәслихат тұрақты комиссиялар құрамын: төрағасы және мүшелерін ашық дауысқа салу арқылы түгел комиссия бойынша не болмаса әрбір жеке мүшесіне дауыс беру арқылы сайлайды.

Тұрақты комиссиялардың саны, олардың тізбегі, құрамы және комиссия төрағаларының кандидатуралары бойынша ұсынысты аудандық мәслихаттың х а т ш ы с ы е н г і з е д і .

Тұрақты комиссиялар құрамына аудандық мәслихат депутаттары сол комиссияда жұмыс істеуге еркіндігі мен мүдделігі есепке алына отырып е н г і з і л е д і .

Депутат аудандық мәслихаттың тек бір ғана тұрақты комиссиясының мүшесі б о л а а л а д ы .

Комиссияның барлық мүшелерінің құқықтары бірдей.

24. Тұрақты комиссиялар өз қызметтері мен негізгі бағыттары бойынша с е к т о р л а р қ ұ р а а л а д ы .

25. Аудандық мәслихат тұрақты комиссиялар төрағаларының ұсынуымен құрамдарына өзгеріс енгізе алады. Бұл ұсынысты мәслихат сессиясының қарауына төрағалық етуші енгізеді.

Тұрақты комиссия төрағаларының өкілеттіктерін аудандық мәслихат олардың өз еркімен, сол сияқты өз міндеттерін орындауға кедергі келтіретін жағдайдың

болуы себепті өтініштеріне байланысты тоқтатады. Тұрақты комиссиялар төрағаларын қайта сайлау туралы ұсынысты аудандық мәслихат хатшысы е н г і з е д і .

26. Бір мәселе жөніндегі тұрақты комиссиялардың ойлары бір жерден шықпаған жағдайда келісімге келуге шаралар қабылданады. Келісімге келмеген жағдайда, олар өз ойларын аудандық мәслихат сессиясына жеткізеді де, сессия түпкілікті шешім қабылдайды.

### **3 тарау. Аудандық мәслихаттың уақытша комиссиялары**

27. Аудандық мәслихат өз қызметінің мәселелері бойынша уақытша комиссиялар құра алады.

Уақытша комиссиялар құрамында мәслихат депутаттары, депутат емес мамандар бар комиссия төрағасы және мүшелері ретінде ашық дауыспен сайланады.

Комиссия құрамына кірмеген аудандық мәслихат депутаты оның жұмысына кеңесші дауыс құқығымен қатыса алады.

Уақытша комиссия мәжілістері ашық түрде өткізіледі. Комиссия жабық мәжіліс өткізуге құқылы.

28. Уақытша комиссиялардың міндеттері мен жұмыс ретін аудандық мәслихат оны құрған кезде анықтайды.

Уақытша комиссия аудандық мәслихат алдында есеп береді және жауапты.

Аудандық мәслихаттың уақытша комиссияларының қызметіне кедергі келтірген лауазымды адамдар заңға байланысты жауапкершілікке тартылады.

Комиссия өз жұмысының қорытындысы бойынша аудандық мәслихатқа баяндама тапсырады. Комиссияның әр мүшесі немесе бір топ мүшелері өз ойларын аудандық мәслихат мәжілісінде ортаға салуына болады. Баяндама бойынша аудандық мәслихат шешім қабылдай алады.

Уақытша комиссия жұмысын өзіне жүктелген тапсырма орындалған соң немесе мерзімінен бұрын аудандық мәслихаттың шешімімен тоқтады.

### **3 бөлімі. Мәслихат хатшысы**

29. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" ҚР Заңына сәйкес мәслихатта тұрақты жұмыс істейтін және оған есеп беретін мәслихат хатшысы болып табылады. Ол сессияда депутаттар арасынан сайланады.

Сессиялар арасындағы уақытта мәслихат хатшысы аудандық мәслихат атынан барлық ресми іс-шараларға қатысады, мемлекеттік және қоғамдық органдармен, мекеме және ұйымдармен, еңбек ұжымдары, өндіріс орындары,



## **1 тарау. Аудандық мәслихаттың қарауына мәселелер енгізу, оларды алдын-ала тұрақты комиссияларда талқылау**

37. "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" ҚР Заңына сәйкес мәселелерді мәслихаттың қарауына мәслихат сессиясының төрағасы, тұрақты және өзге комиссиялар, депутаттар, аудан әкімі енгізеді.

Сессияның күн тәртібіне ұсыныстарды басқару органдары, селолық, поселкелік округ азаматтары өкілдерінің жиналыстары, қоғамдық бірлестіктер сессия төрағасына тапсыруы мүмкін.

38. Әрбір күнтізбелік жылдың аяғында мәслихат хатшысының тілегі бойынша осы Регламенттің 37-тармағының бірінші бөлігіндегі аталған органдар мен лауазым иелері келесі жылда аудандық мәслихат қарайтын мәселелер бойынша ұсыныстар тапсырады.

Тапсырылған ұсыныстар негізінде аудандық мәслихат сессиясы қарауына енгізілетін мәселелер тізбесінің жобасы анықталады.

Бұл жоба осы Регламенттің 37-тармағында аталған органдардың ұсыныстары негізінде мәслихат хатшысының толықтыруларымен жасалады.

39. Мәселелер тізбесі аудандық мәслихаттың кезекті сессиясында қарастырылады. Оны талқылау кезінде мәслихат кейбір сұрақтарды алып тастап, жаңа мәселелермен толықтыруға құқылы.

Тізбекке сол сияқты алдыңғы жылы қарастырылмай қалған мәселелер енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессияларында қарастырылатын мәселелер тізбесі бойынша сайланған депутаттардың басым көпшілігінің ашық дауысымен шешім қабылданады.

Осы шешім бойынша аудандық мәслихат әрбір мәселені дайындайтын жауапты адамдарды, әр мәселенің қарастыру уақыты мен қорытындысын дайындайтын басты тұрақты комиссияны анықтайды.

40. Мәслихат қарауына енгізілген мәселе дайын болған жағдайда оған жауаптылар аудандық мәслихат хатшысына көтерілген мәселе туралы жан-жақты талдау жасалған баяндама, белгіленген тәртіп бойынша шешім жобасы, сессияға шақырылуға тиісті адамдардың құрамы туралы ұсыныстарды тапсырады.

41. Мәселені сессияның күн тәртібіне енгізу немесе оны қайта даярлау туралы шешім мәслихаттың басты тұрақты комиссиясының пікірін есепке алатырып қабылданады.

Сессия төрағасы аудандық мәслихат шешімінің жобасын дайындайтын тұрақты комиссиялар санын ұлғайта алады және оны ұсыну уақытын көрсетеді.

42. Мәслихат сессиясына ұсынылған мәселені қарастыру ретін,

қорытындысын дайындауды осы Регламенттің негізінде тиісті тұрақты комиссия анықтайды.

Аудандық мәслихат шешімінің жобасын дайындауда тұрақты комиссиялар жұмысшы топтарын құра алады. Бұл топ құрамына тұрақты комиссия мүшелері, бұл комиссияға мүше емес, бірақ, мәселені қарастыруға енгізген аудандық мәслихат депутаттары, мемлекеттік органдар, қоғамдық ұйымдар, ғылыми мекемелер өкілдері, мамандар, ғалымдар ене алады.

Егер, материалдар аудандық мәслихаттың бірнеше комиссиясында қаралатын болса, онда бірлескен дайындау комиссиялары немесе жұмысшы топтары құрылады.

Аудандық мәслихат шешімінің бір мәселе жөнінде бірнеше шешім жобасы болған жағдайда оларды тұрақты комиссиялар негізгі жобамен бір мезгілде талқылайды.

43. Көтерілген мәселе бойынша басты тұрақты комиссия жергілікті жерлерде, еңбек ұжымдарында, ғылыми мекеме, қоғамдық ұйым, азаматтар жиналысында, қоғамдық өзін-өзі басқару органдарында мәселені алдын-ала талқылау жөнінде шешім қабылдауға құқылы.

Қажетті жағдайларда аудандық мәслихат шешімінің жобалары ғылыми сараптамаға жіберіледі, ол жөнінде аудан әкімінің қорытындысы, сәйкес бөлім, басқарма, комитеттердің, селолық, поселкелік әкімдердің, басқа да мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың пікірлері сұралуы мүмкін.

Мәслихат шешімінің жобасын талқылау кезінде келіп түскен ескертпелер мен ұсыныстарды тұрақты комиссия немесе жұмысшы тобы қарастырады.

## **2 тарау. Аудандық мәслихаттың қарауына енгізілген мәселелер бойынша шешімдер жобаларын қарастыру**

44. Талқылау қорытындысы бойынша аудандық мәслихат шешім жобасын негізге алады. Шешім жобасына өзгертулерді аудандық мәслихат депутаттары ауызша (мәслихат сессиясының Мәжілісінде жарыссөзге қатысу) немесе жазбаша береді.

Жазбаша өзгертулер міндетті түрде қол қойылып, мәслихат сессиясы Мәжілісіне төрағалық етушіге жіберіледі. Қол қойылмаған өзгертулер қарастырылмайды.

Шешім жобасының әрбір тармағы енгізілген өзгертулермен бірге дауысқа салынады, соңынан жоба тұтас дауысқа салынады. Аудандық мәслихат шешім жобасын тұтас дауысқа салу жөнінде шешім қабылдай алады.

Қабылданған шешімге сессия төрағасы мен мәслихат хатшысы қол қойған соң, жеті күннен кешіктірмей атқарушыларға жіберіледі.

## **6 бөлім. Аумақтық әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларын, бюджет және оның орындалуын қарастыру**

45. Әлеуметтік және экономикалық даму бағдарламалары мен жоспарларының жобаларын, аудан бюджеті және оның орындалуы туралы есептер, сондай-ақ, бұл туралы шешімдер жобаларын аудан әкімі аудандық мәслихат сессиясына қарауға бір ай мерзімнен кешіктірмей береді.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы немесе мәслихат хатшысы бұл жобаларды алдын-ала қарастырып, жобалар жөнінде қорытынды даярлау үшін тиісті тұрақты комиссияларға жібереді.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссиялары сессияға дейінгі екі аптаның ішінде бюджет, қаржы, экономикалық реформалар жөніндегі комиссияға осы жобалар жөніндегі ұсыныстарын жібереді.

Бюджет, қаржы және экономикалық реформалар жөніндегі тұрақты комиссия басқа комиссиялардың ұсыныстары мен ескертулерін қорытындылап, комиссияның қосымша баяндамасын сессияға дайындалады.

46. Қажет болған жағдайда аудандық мәслихат осы жобалар бойынша қосымша талдаулар жүргізуге, не болмаса бүкіл халықтық талқылауға шығаруға шешім қабылдауы мүмкін.

## **7 бөлім. Аудандық мәслихаттың бақылау өкілеттілігінің жүзеге асырылуы**

47. Аудандық мәслихат тікелей және өзі құрған органдары арқылы Жамбыл ауданының аумағында әлеуметтік және экономикалық даму бағдарламалары мен жоспарларының, аудан бюджетінің орындалуына және аудандық мәслихат құрған немесе сайлаған органдардың, сондай-ақ сайлаған лауазым иелерінің қызметтеріне бақылау жасайды.

48. Аудан әкімі, сондай-ақ оның өкілетті орынбасарлары, аудан әкімінің аппараты органдарының басшылары аудандық мәслихат алдында "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңымен мәслихат құзыретіне берілген мәселелер бойынша есеп береді.

Есеп пен тұрақты комиссиялардың қосымша баяндамасы тыңдалғаннан кейін жарыссөз басталады. Талқылау қорытындысы бойынша аудандық мәслихат аудан әкімі, оның орынбасарлары, аудан әкімі аппараты органдары басшыларының қызметіне баға береді.

49. Аудандық мәслихаттың депутаты, мәслихаттың тұрақты комиссиясы, мәслихат хатшысы, сессия төрағасы, аудан аумағында орналасқан кәсіпорын, ұйым, мекемелердің басшыларына депутаттық сауалдар беруге құқылы.

Сессия ашылғанға дейін берілген сауал сессияның күн тәртібінің жобасына енгізіліп, оның мәтіні депутаттарға таратылады, не болмаса, онымен сессия төрағасы таныстырады.

Сессия алдында берілген сауалды аудандық мәслихат хатшысы сауал қойылған орган немесе лауазым иесіне хабарлайды. Олар осы мәслихат сессиясында сауалға жауап беруге міндетті.

Сауал қойған депутат, немесе тұрақты комиссия жауап берген орган не лауазым иесінен қосымша түсініктемелер алуына, өтінішпен сөз сөйлеуіне болады.

Сауалға қайтарылған жауап бойынша жарыссөз жүргізілуі мүмкін. Сауалға қайтарылған жауап және оны талқылаудың нәтижесі бойынша мәслихат шешім қабылдайды.

Сессия үстінде қойылған сауалға орган немесе лауазым иесі сол сессия кезінде жауап бере алмаған жағдайда аудандық мәслихат жауапты кезекті сессияда беру туралы шешім қабылдайды.

50. Аудандық мәслихаттың сессиясында айтылған немесе жазбаша түрде төрағалық етушіге берілген ұсыныстар мен ескертулер аудан әкімі немесе тиісті мемлекеттік, қоғамдық органдарға және лауазым иелеріне жіберіледі.

Аудан әкімінің аппараты мәслихат сессиясында айтылған ұсыныстар мен ескертулердің орындалуы жөнінде уақтылы хабарлап отырады.

## **8 бөлім. Қорытынды**

51. Осы Регламентке аудандық мәслихат сессиясында өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі немесе күшін жоюы мүмкін.